«Astana Venue Management»
жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің
Байқау кеңесі отырысының
№ 6 ХАТТАМАСЫ

Астана қ. **«12» қыркүйек 2025 жыл**

Өтетін орны: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бейбітшілік көшесі, 11.

Қатысқандар:

1. **Д.З. Ешкеев**–«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ басшысы;
2. **Н.Т.Алимжанов** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ басшысы;
3. **Ж.М. Даулетов** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ басшысының орынбасары;
4. **А.Т. Кобаев** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ басшысының орынбасары;

Шақырылғандар:

1) Д.А. Исмагулова– «Astana Venue Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) Бас директорының қаржы және экономика жөніндегі орынбасары
2) Д.Т. Кадыролдина– «Astana Venue Management» ЖШС Бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы

Серіктестіктің Байқау кеңесінің осы отырысы заңды деп танылады, кворум шарттары сақталды.

Аталған байқау кеңесінің отырысында «Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ басшысы Д. З. Ешкеевті төраға, «Astana Venue Management» ЖШС Бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы Д.Т. Кадыролдинаны хатшы етіп тағайындау ұсынылды.

Дауыс беру нәтижелері:
«Иә» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «Қалыс қалды» - жоқ.
Шешті: Д.З. Ешкеев төраға, Д.Т. Кадыролдинаны хатшы болып тағайындалсын.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Осы хаттаманың № 1 қосымшасына сәйкес 2024 жылға Серіктестіктің даму жоспарының орындалу есебін бекіту туралы
Төраға: күн тәртібін бекіту үшін дауыс беруіңізді сұраймын.
Дауыс беру нәтижелері:
«Иә» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «Қалыс қалды» - жоқ.
Шешті: күн тәртібі ұсынылған редакцияда бекітілсін.

Отырыс төрағасы күн тәртібі мәселесі бойынша талқылауға және шешім қабылдауға көшуді ұсынды: «Осы хаттаманың № 1 қосымшасына сәйкес 2024 жылға Серіктестіктің даму жоспарының орындалу есебін бекіту туралы».

Серіктестіктің 2024 жылғы даму жоспарының орындалу есебінің жобасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалу есептерін әзірлеу және ұсыну ережелерін бекіту туралы» 2025 жылдың 30 сәуіріндегі № 18 бұйрығымен бекітілген формаларға сәйкес әзірленді.

Серіктестіктің 2024 жылғы даму жоспарының орындалу есебінің жобасында қаржы - шаруашылық қызметінің көрсеткіштері былайша көрсетілген:

2024 жылғы кірістер 2 300 439,0 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- Экскурсия жүргізу бойынша қызметтерден түсетін кірістер - 640 511,0 мың теңге;
- Орынжайларды беру қызметтерінен түсетін кірістер - 121 136,0 мың теңге;
- Іс-шараларды өткізу үшін орынжайларды беру қызметтерінен түсетін кірістер - 57 103,0 мың теңге;
- Сенімгерлік басқару шартына сәйкес ғимаратты күтіп ұстау бойынша көрсетілген қызметтер үшін кірістер - 1 386 892,0 мың теңге;
- Өзге де кірістер - 1 868,0 мың теңге;
- Қаржыландыру бойынша кірістер - 3 536,0 мың теңге;
- Негізгі емес қызметтен түскен табыс - 89 393,0 мың теңге.

2024 жылғы шығыстар 2 104 104,0 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- Еңбекақы төлеу қоры - 740 089,0 мың теңге;
- Салықтар және әлеуметтік аударымдар - 88 872,0 мың теңге;
- Коммуналдық қызметтер сомасы - 100 540,0 мың теңге;
- Тауар қорлар мен материалдар - 73 674,0 мың теңге;
- Пайдалану шығыстары - 942 563,0 мың теңге (*оның ішінде ағымдағы жөндеу 609 134,0 мың теңге*);
- Жалпы және әкімшілік шығыстар - 40 445,0 мың теңге;
- Өзге шығыстар - (*өзіндік құн бөлігінде, жалпы және әкімшілік*) 60 201,0 мың теңге;

- Өзге шығыстар - 57 720,0 мың теңге (*оның ішінде дебиторлық берешекті есептен шығару 57 650,0 мың теңге*).

Осылайша, Серіктестіктің қаржылық нәтижесі салық салуға дейінгі 196 335,0 мың теңге және таза пайда 151 943,0 мың теңге болды.

Дауыс беру нәтижелері:
«Иә» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «Қалыс қалды» - жоқ.
Шешті: Осы хаттаманың № 1 қосымшасына сәйкес 2024 жылға Серіктестіктің даму жоспарының орындалу есебін бекітілсін **(Идентификатор – 14-170840031785-2024-020).**

Серіктестіктің Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінің аяқталуына байланысты Серіктестіктің Байқау кеңесінің отырысы жабық деп жарияланды.

Төраға:
Д.З. Ешкеев _____

Отырыс мүшелері:

Н.Т. Алимжанов _____

Ж.М. Даулетов _____

А.Т. Кобаев _____

Хатшы:
Д.Т. Кадыролдина _____